

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ФЕОДАЛДЫҚ ФОРМАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТІ

Мақсатымыз, Орта Азия мен Қазақстандағы көшпенді халықтардың ұлттық мемлекеттілігінің пайда болуы мен дамуы туралы теорияларға жаңаша сараптама жасап, оларды іске асыру кезеңдеріндегі ерекшеліктерге ғылыми-теориялық баға беріп, мемлекетіміздің болашақтағы дамуын жобалауымыз үшін ғана емес, өткенді бүгінгі күнге сай жаңаша түсіндіру болып табылады және көшпенді халықтардың мемлекеттерінің пайда болуына тікелей әсер еткен бұрынғы факторлардан басқа да жаңа факторларды қосып толықтыру қажеттігі туындады.

Қазақстандағы ұлттық мемлекетіміздің әрі қарай құқықтық мемлекет құру процесіндегі басты қажеттілікке «ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып түсіну, сөз жоқ, қажет. Мұнсыз мемлекеттік дамудың жалпы логикасын бажайлау мүмкін емес» [1].

Орта Азия мен Қазақстандағы көшпенді халықтардың мемлекеттілігінің пайда болуы мен дамуын алғашқы рет зерттеген көрнекті ғалымдар: А.Чулошников [2], Г.А. Попов [3], Н.А.Логутов [4] және Л.П.Потапов [5], буржуазиялық методология негізінде, қазақтардың, қырғыздардың, түрікмендердің және басқа да көшпелі халықтардың XX ғасырға дейін тек рулық қоғамда ғана өмір сүргендігі туралы қорытындыға келген [6].

Бұл ғылыми теориялық қорытындының мазмұнына үңілсек, көшпелі және жартылай көшпелілер, негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған, оларда революцияға дейін үстемдік еткен тек рулық қарым-қатынас, таптарға бөлінбеген, таптық күрес және таптық қанаушылық болмаған [5], - деген тұжырымға келіп саяды.

Кеңестік басқару кезіндегі көрнекті ғалымдардың қорытындылары көп уақытқа дейін ғылыми-теориялық зерттеулерде басшылыққа алынып, ұлттардың ұлттық мемлекетінің құрылуына зияндық ықпалын тигізді.

Көшпенділердің рулық құрылымы жөніндегі бұл теория ғалымдардың кейінгі зерттеулерінде көрініс тауып, қате «теория» болғандығы дәлелденді. Г.Тоғжановтың «О казахском ауле», П.В.Погорельскийдің және В.С.Башраковтың «Экономика кочевого аула Киргизстана» [7] және басқалардың еңбектерінде мал баққан көшпелі халықтардағы таптың болғаны және таптық қарым-қатынастың қоса дамығандығы толық дәлелденген.

Ташкент қаласындағы 1954 жылы шақырылған, белгілі ғалымдар қатынасқан ғылыми сессияда күн тәртібіндегі қаралатын негізгі мәселелердің объектісінде, Орта Азия және Қазақстандағы патриархальды-феодалдық қатынастардың негізін және көшпелі қазақ қоғамындағы феодалдық

қатынастардың ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең деңгейде жан-жақты ғылыми-теориялық талқылау көзделді.

Белгілі ғалымдар: В.Ф.Шаяхметов, С.И.Ильясов және экономист С.Е.Толыбеков [8], өз идеяларын ортаға салып, көшпелі халықтардағы қоғамдық ерекшеліктердің үстемдігін қолдады. Сессия барысында көшпенділердің қоғамдық ерекшеліктеріне, маңыздылығына көңіл аударылып, ғылыми-теориялық талқылауға қатынаскандардың көпшілігінің пікірлері бойынша, Орта Азия мен Қазақстандағы сол кезеңдердегі көшпенділер қоғамындағы қалыптасқан ерекше феодалдық формация концепциясы мойындалды [6]. Ғалымдар В.Ф.Шаяхметов, С.И.Ильясов, С.Е.Толыбеков, көшпенділердегі феодалдық қатынастардың ерекшелігін, феодалдық эксплуатацияның экономикалық және феодалдық қанаудың негізін құрайтын жерге меншіктіктің жоқтығынан көрді. Олардың пікірі бойынша, феодалдық меншіктілік жер мен жайылымға емес, малға ғана феодалдық меншіктілік болуы тиістілігін қолдаған [6]. Бірақ сессияға қатынасушылар ғалымдардың жоғарыдағы пікірлеріне қарсы шығып, көшпенділердің негізгі өндіріс құралдарына жердің жататындығын, ал қоғамдық қатынастардың негізіне, отырықшы тайпалардағыдай феодалдық меншіктіліктің тек жерге ғана қатынастылығын мойындаған және патриархалды феодалдық қатынастарды, сессияға қатынасушылардың пікірлері бойынша феодалдық екендігі мойындалған және олардың феодализмге тән экономикалық заңдар негізінде дамитындығы айтылған.

Ташкенттегі 1954 жылға ғылыми-теориялық сессияның Орта Азия мен Қазақстандағы көшпенді халықтар мемлекеттілігінің алғы шарттары, ерекше феодалдық формация туралы қорытындыларының маңыздылығын басқа да белгілі ғалымдар Л.Гумплович және Б.Я.Владимирцов қолдаған.

Мысалы, Л.Гумплович көшпелілердегі феодализмнің ерекшеліктерін айта келіп, «біз мемлекеттің ең маңызды бөлігі таптар мен сословиялардың пайда болғандығын мойындаймыз. Сондай тайпалардан мемлекет пайда болды. Тек солар ғана мемлекеттің алғы шарттары бола алады» [9], деген қорытынды жасайды. Б.Я.Владимирцов «Көшпенді феодализм» теориясында көшпенділердегі патриархалды-феодалдық қатынастар – ерекше феодализм және отырықшы, жер өңдеуші халықтардың феодализмінен мүлдем өзгеше және «ерекше өндіріс жолын» [10], құрайтындығын атап көрсеткен.

Сонымен, ғылыми-теориялық негізде, көшпенділердегі патриархалды-феодалдық қатынастар жеткілікті түрде тұрақты болды және феодалдық қатынастар пайда болып, рулық алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына сәйкес дамыды [11]. «Қазақстан осы ғасырдың бас кезіне дейін тарих көшінінің табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтарымен біте қайнасқан тұтастығын сақтай білген дәстүрлі көшпелі қоғам еді» [1].

Ал көшпелі халықтардың мемлекеттілігінің пайда болуындағы негізгі факторға, әрдайым өз ерекшелігімен сақталып келген патриархалды жанұя мен ауылды және әдет-ғұрыпқа сіңген адамгершілік тұтастықты жатқызуға болады. «Жанұяның бұл сияқты үлгісі тарихи жаралымның табиғи негізін

құраған, одан әрі қауым, ру, тайпа, тайпалар одағы, жүз, ең соңында қазақ халқы болып, табиғи қоғамдастыққа ұласып отырған» [1].

Тоғыз жолдың торабы болған Еуразия аумағындағы көшпелі, жартылай көшпелілерде мемлекеттік алғашқы құрылымдар бар саяси одақтары болды, яғни сол аумақта халықтардың «саяси одақтарының қалыптасуының алтын бесігі болды» [12]. Және «дәл осы жерде ірілі-ұсақты, негізінен түркі мемлекеттер бірінен соң бірі пайда болып, өзара текетіретін, сыртқы күштердің және уақытша жаулап алушылықтардың әсерінен жойылып кетіп отырды» [12].

Ауыл көптеген жанұялардан тұратын көпсатылы қоғамдық организмнің алғашқы клеткасына жатады. Ауылдағы жайылымдары бар көшпелі қоғамдастықты, қандас-туысқандықты, байланыстылықты, патриархалдықты, барлық көшпенді мал баққандардың өндірісіне сай жауап ретінде, XX ғасырға жеткізіп, өзіне тән ерекшелікті және сыртқы нысанын өзгеріссіз сақтаған және «Қазақ ауылы қашаннан да ұлттық өрлеудің сарқылмас көзі және ұлттық бірліктің тұтқасы болып келді» [1].

Көшпенділердің өндіріске бірігуіне, бірден-бір себеп болған және оның дамуына тұрақтылық берген қандас-туысқандықтары, одақтары болды. Яғни, көшпенділердегі қандас туысқандық байланыстар саяси категорияға айналды.

Қазақ қоғамы біртіндеп, қауымдық рулық құрылымның ыдырау жолына сай дамыды, феодалдық қатынастар құрылып, феодалдық таптар, мал иеленушілер, феодалдарға тәуелді қауымдастықтар пайда болып, кең жайылымды аумақтарды иемдене бастаған. Көшпелі қоғамдағы таптық күрестің шиеленісуінің нәтижесінде феодалдық мемлекет пайда болып, көшпелі қоғамдағы мемлекеттілікке дейінгі кезеңнен біріккен қоғамға көшу процесі аяқталды.

Мұндай қорытындыға келу үшін арнайы түрде оның алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамдық биліктен айырмашылығын көрсететін мемлекеттіктің негізгі белгілеріне көңіл аударайық.

Мемлекеттік билік рулық биліктен өзінің жер аумағы арқылы айырылады. Яғни, тұрғындарды рулық принцип арқылы ұйымдастырмайды. Мемлекеттің белгісі ретінде оның жер аумағы емес, мемлекетке қатысты тұрғындардың белгілі аумақтарға бөлінуіне байланыстылығы. Яғни олардың тұрақты тұрған жерлерінде ұйымдастырылуы.

Қазақ қоғамында дәстүрге сай, ең алдымен, тайпаның құдайы – басшысы бөлініп шығады, олармен қоса бай отбасылар және руды, тайпаны тұрақты басқаратын лауазымды адамдар белгіленеді. Рулық-мұрагерлік аристократия пайда болып, өз жағдайларын ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға тырысады. Уақыт өте көшпелі қоғамның руларындағы билік аристократиялық ақсақалдар кеңесіне шоғырланады. Көшпелі қоғамдағы рулық-тайпалық органдар біртіндеп, өз тайпаларын басқаратын күштеу аппаратына айналады. Мұндай рулық-тайпалық ұйымдардың мемлекеттік құрылымға көшудегі өтпелі кезеңдегі маркстік әдебиеттерде әскери демократия деп атайды, олар біртіндеп мемлекеттілікке айналады және

экономикалық жағынан билеуші таптың мүддесін қорғайды. Өте қажетті түрде, атап өтетін жағдайларға мемлекеттіліктің нысандарының көптүрлілігі, яғни алғашқы қауымдық құрылымдағы басқарудан мүлде өзгешелігін мынадан көруге болады: біріншіден, алғашқы қауымдық құрылыста билік қандас туысқандық қатынастарға сүйенсе, мемлекет өз азаматтарының аумақтық атқару бірлігіне сүйенеді.

Екіншіден, мемлекет көпшілік биліктің ерекше құрылымы ретінде, барлық тұрғындардың еркімен сәйкес келмейді және мынадай саяси сипатта болады: а) егер алғашқы қауымдық құрылымда қоғамдық билік барлық тұрғындардың мүддесін қорғаса және оны құруға барлық ересек тұрғындар қатынасса, ал саяси билік тұрғындардың белгілі бөлігін, әлеуметтік топтардың таптық мүддесін қорғайды.

б) саяси билік ерекше аппарат, мемлекеттік қызметкерлердің көмегімен іске асырылады, олар еңбектеріне жалақы алып, басқару функциясын өз мәнінде орындауға тырысады және қоғамдық өндіріске қатыспайды; в) саяси биліктің шешімдері мемлекеттің ерекше жазалау аппаратымен орындалады (әскер, полиция, барлау, абақты); г) көптеген мемлекеттік аппаратты іске асыру үшін әртүрлі алым-салық түрлері белгіленеді [13].

Орта Азия мен Қазақстанда рулық қоғамның өмір сүруіне мүмкіндік жасаған мал бағу жүйесінің ерекше нысанын және соған сай шаруашылық жүйесін сақтау болды. Мемлекеттік биліктің құрылуының негізін рулық және тайпалық атқарушылар жасады.

Жоғарыдағы көрсетілген көптеген өзіндік ерекшеліктері бар факторлардың болуы мемлекеттің құрылуына, жағдай жасады және мемлекеттіліктің кейіптерінің (типтерінің) ерекшеліктеріне ықпалын тигізді. Сонымен, көшпелі халықтардағы классикалық құрылым, әскери демократия және таптардың құрылу кезеңіне сай келіп, феодалдық мемлекеттің ерекше кейпіне ұласты [14].

Көшпенді халықтардағы мемлекеттіліктің пайда болу процесі көп уақытқа созылды және өте қиын уақытта өткендігі белгілі. Мал бағушылық шаруашылықтың негізгі саласы болғандықтан, малға жеке меншіктілік пайда болды. Мұның барлығы тайпалық рудың ішінде қоғамның антогонистік таптарға бөлінген кезде өтті және малдың санына байланысты адамдар бай және кедейге бөлінді. Меншігінде өте көп малы бар байлар, малы жоқ адамдарды қанау үшін өздеріне тәуелді ететін жағдайлар жасады.

Көшпенді мал бағушы тайпалардағы таптардың және таптық қатынастардың пайда болуы, үнемі соғыстар мен ішкі қиыншылықтар, тонау, қинау және табиғаттың қарсы келуге болмайтын стихиялық күштердің көп болып тұрған кезеңдерімен сәйкес келеді.

Рулар арасындағы соқтығысумен жұт болып, малдың жемінің азаюы малдың көптеп қырылуына әкеліп соқтырды, көшпенділер үлкен зиян шегіп, кедейленеді. Циклді қайталанған стихиялық қиыншылықтар, рулар арасындағы соғыстар, басып кірушілік, малы көп байлардың шаруашылықта тәуелсіздігін жоғалтты және көпшілік тұрғындардың жағдайларының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Жоғарыда көрсетілген факторлардың

нәтижесінде көшпенді тайпалардың өз ішінде бос адамдар көшпенділер пайда болды, олар өздерінің малдарынан айрылып күн көру көздерін іздеуге мәжбүр болды. Осындай қолайлы жағдайларды мал иеленушілер пайдаланып, кедейленген көшпенді мал бағушыларды өздерінің қанау объектісіне айналдырды. Яғни, кедейленген көшпелі мал бағушылардың баратын жері жоқ, өте қиын жағдайларға ұшырап" не ашаршылықта болу, не болмаса жұмыс берушілерге еріксіз көнуге мәжбүр болған [15].

Соның нәтижесінде байыған мал иелері, жұмыссыздардың қиын жағдайын да үнемі арзан жұмыс күштерін пайдалана білді, яғни жұмыссыздар" клиенттер, не болмаса құлдардың [16], орнына саналып ездеріне туыстас байлардың малдарын бақты [17].

Өте бай мал иелері, көшпелі қоғамды және өндірістік біртұтастықты сақтауға ынталы болды, яғни кедейленген туыскандарына көмектесе отырып, олардың еңбектерін сенімді тәжірибесі бар жұмысшылар ретінде пайдаланды.

Әрине, оларды бас бостандығы жоқ жұмысшылармен салыстыруға болмайды. Байлар, өз туыстарының экономикалық тәуелсіздігін пайдаланып сауындық қатынастармен де пайдаланды (сиырды уақытша сауып ішуге бергені үшін олардың тәуелділігі жалғасты). Мұның бәрі ру ішіндегі бір-біріне көмектесу негізінде жүргізілді.

Көшпелі қоғамдағы пайда болған ру патриархалды-феодалдық қатынастар өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады, оның негізінде пайда болған таптық қатынастар, рулық институттармен, дәстүрмен және қандас туыскандықпен бүркемеленіп, ерікті қоғамдастықтардың еңбегін қанауға арналған нысан және құрал ретінде болды [6].

Көшпелі қоғамдастықтағы мемлекеттіліктің пайда болуына сол регионға тән және басқа отырықшы халықтардан маңызды өзгешелігі бар, көптеген саяси-құқықтық факторлар әсер етті.

Ондай факторларға: "Біріншіден, қазақтар және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық континенттегі жердің байтақ кендігі... Екіншіден, көбінесе Шығыстан Батысқа қарай дүниені дүрліктіре ауысқан көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің жүздеген жылдарға созылған жолдары, осы Еуроазиялық дала арқылы өткен немесе одан басталған.

Үшіншіден, осы ұлан-байтақ кең далада соғыстар мен жаугершілік рухы бейбітшілік өмірге ертерек ауысты [18].

Қорытынды

1. Алғашқы кездегі ғалымдардың көшпенді халықтардың революцияға дейінгі рулық-патриархалдық қатынаста дамыды деген идеялары жоққа шығарылды.

2. Көшпенді халықтардағы таптық қатынастар құлиеленушілікті жанай өтіп ерекше феодалдық формация негізінде қалыптасты. Себебі, ол, патриархалды феодалдық қатынастарға сай көшпенді халықтардағы феодализмнің ерекше түрлерінің бірі болды және отырықшы халықтардың

феодализмінен өзгеше болды және мал бағу негізінде пайда болып, ерекше шаруашылық нысанына айналды.

3. Көшпенді халықтардағы ерекше феодалдық формацияда, отырықшы халықтардағыдай таптар пайда болып, таптық күрестер негізінде құл иелену қоғамын жанай өтіп, ұлттық негізде мемлекеттің құрылуына негіз болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.А.* Тарих толқынында, Алматы, 1999. 9,33, 23, 242-бб.
2. *Чулошников А.* Очерки истории казак-киргизского народа... ч.І. Оренбург, 1924.
3. *Попов Г.А.* Очерки по истории Якутии. Якутск, 1924.
4. *Легутов Н.А.* Очерк родового быта казахов... "записки Семипалат. Отдела общества изучения Казахстана 1929.
5. *Потанов Л.П.* О сущности патриарально-феодальных отношений у кочевых народов Ср.Азии и Казахстана. Материалы конференции Ташкент, 1955.
6. *Семенюк Г.И.* Проблемы истории кочевых племен и народов периода Феодализма Калинин. 1974. С.7,11,12,43.
7. *Тогжанов Г.* О казахском ауле. Кызыл-орда, 1927; П.В.Погрельский и В.С. Башраков. Экономика кочевого аула Киргизстана М, 1930.
8. Материалы научной сессии. Ташкент, 1954. С.50-60.
9. *Гумплович Л.* СПб. 1910. С.47, 120-121
10. *Владимирцов Б.Я.* Общественный монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.С.10-11.
11. Материалы Ташкентской научной сессии. С. 133.
12. Древний мир права казахов Алматы, 2001, С.23.
13. Теория государства и права. 2001. С.37.
14. История Каз ССР. Алматы, 1977.С.195-196.
15. *Гурлянд Я.* Степное законодательство с древнейших времен XVII в. Известия т. XX.1864, вып.4-5.С.ІЗ.
16. Записи зап.Сибр.отдела РГО. Кп. ХУП вып. 1-2, 1894. С.8.
17. УГА Каз ССР ф. 15 д.472.
18. Семенюк Г.Н. Указ работа с.43
19. *Зиманов С.З.* Қазақтың ата заңдары. Алматы, 2001. С.17.